

Индикативті жоспар жетістікке жетелейді

Университетте қабылданған индикативті жоспардың орындалу көрсеткіштерін талқылау кезекті ректорат отырысында өз жалғасын тапты. Жиында факультет пен кафедралардың нәтижелерімен таныстыру мақсатында заң факультетінің деканы Дәулет Лайықұлы Байделдинов пен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Жарылқасын Еркінұлы Жаппасов сөз алды.

Университеттегі білім жүйесін бағалау бойынша баршаға міндеттелген индикативті жоспарды орындау заң факультетінде бірқалыпты жүзеге асырылып келеді. Бұл жайлы мәжілісте факультет деканы Дәулет Лайықұлы мәлімдеді. Алғашқы жартыжылдықтағы қорытындыға сәйкес, оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша бұл факультет екінші орынға шыққан. Сонымен қатар қос диплом бағдарламасы бойынша алға қойған жұмыстарды толықтай атқарып, ағылшын тілінде сабақ жүргізуді 95 %-ға жүзеге асырған. Факультет деканы өз есебінде: «Осы оқу жылында біз көптеген көзделген межелерге жеттік. Биылғы жылы өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай алға жылжыдық.

Жалғасы 2-бетте

ҚазҰУ қабырғасында Өнегелі өмір» сериясымен ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» ордені және Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ.А. Жұбановтың өмір жолына арналған кітап жарық көрді. Кітаптың тұсаукесер рәсімі мен көрнекті ғалым Қайыр Ахметұлының 80 жасқа толуына орай өткен дөңгелек үстелді химия және химиялық технология факультеті ұйымдастырды.

БІРЕГЕЙ ҒАЛЫМ

Салтанатты отырысты ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев ашып, академик Қ.А. Жұбановтың Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымының дамуына қосқан зор үлесіне тоқталды. Сонымен қатар химия және химиялық технология факультетінің деканы, проф. Е.Қ. Оңғарбаев атақты ғалым, профессор-педагог Қайыр Ахметұлының 40 жылдық еңбек жолы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тікелей байланысты болғандығын атап өтіп, химия факультетінің студенттері мен қызметкерлері арасында ғалым үлкен беделге ие екендігін ыстық ықыласпен жеткізді.

Академик Қайыр Ахметұлы Жұбановтың білім беру жүйесіндегі, ғылымдағы және ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізудегі қажырлы еңбегін жоғары бағалайтын әріптес достары – х.ғ.д., профессор З.А. Мансуров, т.ғ.д., профессор М.К. Наурызбаев және т.б. ғалымдар өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Қайыр ағаның жақындары мен шәкірттері де өздерінің тілектерін үлкен толғаныспен жеткізді.

Жалғасы 4-бетте

ӘЛ-ФАРАБИ ИДЕЯЛАРЫ - ӨРКЕНИЕТТЕР АЛЬЯНСЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Ағымдағы жылдың 25-27 сәуір күндері Әзірбайжан астанасы Баку қаласында Біріккен ұлттар ұйымы Өркениеттер Альянсының (UNAOC) 7- ғаламдық форумы өтеді. Жақында Ыстамбұлда осы ғаламдық форум аясында түркі әлемінің ұлы ойшылы әл-Фараби мұрасының насихатталуы туралы ұсыныстарды талқылау мақсатында БҰҰ Өркениеттер Альянсы Үйлестіру комитеті жұмыс тобының жиналысы болып өтті. Аталмыш жиынға БҰҰ Өркениеттер Альянсы Үйлестіру комитетінің төрағасы профессор Бекір Қарлығаның шақыруымен ҚазҰУ ректоры, академик Ф.М. Мұтанов бастаған делегация қатысты.



Өркениеттер Альянсының бастамасы – 2004 жылы БҰҰ-ның 59-Бас ассамблеясында әлемнің 127 мемлекеті тарапынан қолдау тауып қабылданған дүниежүзіндегі өркениеттер арасындағы жаһандық қактығысқа қарсы құрылған жоба. Халықаралық қоғамдастықтың ықпалы негізінде Батыс – Мұсылман әлемі арасындағы бөлінушіліктің терендеуіне қарсы тұ-руды, діни карама-қайшылықтарды еңсеруді, өркениеттерді жақындастыруға жаһандық шеңберде күш салуды көздейтін БҰҰ Өркениеттер Альянсының (UNAOC) ғаламдық форумы әлемдік мәдениет алаңындағы маңызды сұхбат орталығы ретінде қалыптасқан.

Шығыс пен Батыстың ғылымы мен мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарған ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фарабидің қайшылықсыз қоғам туралы идеялары, зерделі ғылыми мұралары бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоймай, керісінше Өркениеттер Альянсы бастамасы секілді қазіргі заманғы дүниежүзілік деңгейде адамзатты бірлікке бастаушы идеялармен үндестік тауып, күннен-күнге жаһандық сұранысқа ие болуда. Ал тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның жаһандық хабы болып табылатын және әлемдегі Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілген жалғыз жоғары оқу орны ретінде Қазақ ұлттық университетінің де басты мақсаттарының бірі – оның баға жетпес мұрасын кеңінен насихаттау және ғалым өсиетіне сай шексіз кемелділікке ұмтылу.

Осы мақсатты көздеген университет делегациясы БҰҰ Өркениеттер Альянсы Үйлестіру комитетінің төрағасымен және Өркениеттер Альянсы ғылыми-

зерттеу институтымен өткізген келіссөздер нәтижесінде аса маңызды бірнеше келісімге қол жеткізді.

Түсірілімі жүріп жатқан Түркі әлемін зерттеу қоғамы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірлескен жобасы «Әл-Фараби – өркениет философы» атты деректі фильм сәуір айының басына дейін аяқталып, БҰҰ Өркениеттер Альянсының (UNAOC) 7-ғаламдық форумында тұсаукесері өтетін болды. Форумнан соң бұл фильмді Альянсқа мүше мемлекеттердің ұлттық телеарналарынан көрсету қолға алынбақ.

ҚазҰУ-дың ТҮРКСОЙ кафедрасы және әл-Фараби орталығы қазақ тіліне аударып, «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шыққан профессор Бекір Қарлығаның «Әл-Фараби – өркениет философы» атты кітабы да аталған форумда ағылшын, түрік, орыс, қазақ тілдерінде басылып, форум қатысушыларына тегін таратылатын болды. Сондай-ақ, ҚазҰУ ғалымдары шығарған ұлы ойшылдың бірнеше тілдегі кітаптарынан арнайы көрме ұйымдастыру жоспарланып отыр.

БҰҰ Өркениеттер Альянсының (UNAOC) 7-ғаламдық форумын ұйымдастырушы тараптарға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен БҰҰ Өркениеттер Альянсы Үйлестіру комитетінің атынан форум аясында өркениеттер философы әл-Фарабидің идеяларын халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында арнайы секция бағдарламасын ұйымдастыру келісілді. Секция жұмысына қатысу үшін Қазақстаннан ірі делегация жасақталатын болды.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА
САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



3-бет

ТАЛАНТЛИВЫЙ
УЧЕНЫЙ



5-стр.

ҚАЗҰУ, АЛФА!



8-бет

"БИГЕЛЬДЫ ГАБДУЛЛИН: ПРАВО НА ИСПОВЕДЬ"

В библиотеке КазНУ им. аль-Фараби был презентован второй тираж книги Адольфа Арцишевского – «Бигельды Габдуллин: Право на исповедь». Документальный роман-эссе посвящен автобиографии публициста, автора бестселлера «Великое кочевье» – Бигельды Габдуллина. Бигельды Габдуллин – известный писатель, журналист, главный редактор и создатель республиканских газет «Новое поколение», «XXI век», «Central Asia Monitor». Президент Казахского ПЕН-клуба.



сам с огромным интересом прочитал книгу», – отметил в своем выступлении модератор встречи, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби Галымкаир Мутанов.

Филологическую особенность труда осветил д.ф.н., профессор КазНУ Жаксылыков А.Ж. «Книга написана с определенной долей лиризма, автор изучил многотомные архивы. Пейзажи Кокшетау описаны поэтично, возникает ощущение присутствия. Прозрачность стиля характеризуется камерностью, легкостью чтения, энциклопедичностью», – поделился Аслан Жамелович.

В свою очередь, герой книги Бигельды Габдуллин в ходе встречи

ответил на множество вопросов гостей и студентов КазНУ, которые касались жизненного опыта, деятельности, этики профессиональной журналистики и многих др. Большая часть заданных вопросов была от молодого поколения.

Полный публикой зал библиотеки КазНУ им. аль-Фараби собрал представителей научной интеллигенции, профессорско-преподавательского состава, студентов, общественных деятелей и журналистов.

Соб. корр.

Адольф Арцишевский – известный поэт, главный редактор первого казахстанского сериала «Перекресток», член Союза писателей, рассказал о том, чем заинтересовала его тема книги, а именно о человеческой воле и устремлениях современника. Об устоях, которые всегда имеют место быть: вере, дружбе и любви.

«Творческий тандем в лице Бигельды Габдуллина и Адольфа Арцишевского предоставил нам возможность познакомиться с жизнью нашего современника и без утайки, сложности и опасности профессии журналиста. Думаю, данное произведение послужит примером для нашей молодежи. Я и

сам с огромным интересом прочитал книгу», – отметил в своем выступлении модератор встречи, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби Галымкаир Мутанов.

Филологическую особенность труда осветил д.ф.н., профессор КазНУ Жаксылыков А.Ж. «Книга написана с определенной долей лиризма, автор изучил многотомные архивы. Пейзажи Кокшетау описаны поэтично, возникает ощущение присутствия. Прозрачность стиля характеризуется камерностью, легкостью чтения, энциклопедичностью», – поделился Аслан Жамелович.

В свою очередь, герой книги Бигельды Габдуллин в ходе встречи

РЕКТОРАТ

Индикативті жоспар жетістікке жетелейді

Жалғасы. Басы 1-бетте



Мысалы, факультетіміз аккредителген білім беру бағдарламалары бойынша жоспарды асыра орындады. Ал, шетелдік студенттерді оқыту барысында факультетіміз 100%-ға қол жеткізді. Сонымен қатар әлеуметтік тәрбие беру бағыты бойынша факультетімізде көптеген іс-шаралар орындалып, үздіктер қатарына іліктік», – деп хабарлады. Заң факультетінің көрсеткіштері бойынша оқу жұмысы, ғылыми-инновациялық қызмет және әлеуметтік даму жөніндегі университет проректорлары жоғары баға берді.

Келесі кезекте мінбеге индикативті жоспарды орындау көрсеткіші бойынша өз факультетінің есебімен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Жарылқасын Еркінұлы көтерілді. Ол: «Университет қабырғасындағы білім беру жүйесінің қай деңгейде атқарылып жатқандығынан хабар беретін индикативті жоспар бойынша біздің факультетіміз жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Бірінші

семестр қорытындысымен қарасақ, оқу-әдістемелік бағытта көш бастаған факультеттер қатарындамыз. Сондай-ақ, шетелден келіп оқитын студенттер санынан бірінші орынды иемденіп отырмыз. Тағы бір айта кететін көрсеткіш, әлеуметтік бағытта ұйымдастырылған шараларбиздіңұжымда 90%-ға атқарылған. Әрине, сәл ақсап тұрған тұстарымыз да бар. Бірақ, келесі жартыжылдықта бұл олқылықтардың орнын толтырамыз деп барша факультеттің атынан сөз беремін», – деп өз сөзін қысқа қайырды. Ал факультет жұмысына оқу жұмысы жөніндегі проректор Ахмед-Зәки Жұмақанұлы: «ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде оқу ісі бойынша жүктелген міндеттер дер кезінде орындалуда. Сонымен қатар шетелдік студенттерге білім беру өте жоғары деңгейде. Өзге елден келген студенттерге орыс, қазақ тілдерін үйрету қиын. Ал бұл істе осы факультет асқан белсенділік танытуда», – деп пікір білдірді. Өзге проректорлар да мінбеге

шығып, жақсы бағаларын берді.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелерден соң ректорат мүшелері әкімшілік департаментінің директоры Ә.Ә. Әубәкіровтің ақпарына қанықты. Соған соң 2016 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы мансап және бизнес орталығының директоры Б.Ж. Сапаровтың, «Керемет» СККО қызметінің әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-уақыт өткізу бағыттары жайында С.М. Байандинованың есебін тыңдап, «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығын құру жөнінде тарих, археология және этнология факультетінің деканы А.Қ. Жұмаділдің хабарламасынан хабарлар болды.

Айта кетерлігі, аталмыш жиында бірнеше ұстаздар мен студенттерге шәкіртақылар мен сый-сияпаттар табысталды. Мысыр Араб Республикасы Мәдени орталығының директоры Ибраһим Хамдан Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының студенті Жадыра Жанасқа оқу құралдарын сыйлап, сол кафедра меңгерушісі Мұхит Салқынбаевқа білім және ғылым саласында тәжірибе алмасу үшін арнайы грант ұсынды. Соған соң Таяу Шығыс және Орта Азия кафедрасының меңгерушісі М.Б. Салқынбаев 1, 2, 4-курс студенттеріне, оқу жұмысы жөніндегі проректор Д.Ж. Ахмед-Зәки профессор Шалтай Смағұлов атындағы шәкіртақыны 10 білімгерге, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі Г.Р. Үсейінова бірнеше студенттерге, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі С.Т. Тыныбеков «құқықтану» мамандығының студенттеріне, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі А.Е. Жатқанбаева 1, 2, 3-курс студенттері, магистранттары мен докторанттарына арнайы шәкіртақылар табыстады.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

ӘЛ-ФАРАБИ ИДЕЯЛАРЫ – ӨРКЕНИЕТТЕР АЛЬЯНСЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы ғаламдық форум барысында туғанына 1150 жыл толуына байланысты 2020 жылды ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ деңгейінде «Әл-Фараби жылы» деп жариялау туралы ұсыныс талқыланып, бірауыздан қолдауға ие болды.

Іс-сапар барысында ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов Түркия Премьер-министрінің орынбасары Тұғрұл Түркешпен, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновпен, Түркия Ұлттық Білім министрінің орынбасары Жүсіп Текінмен, Түркі әлемін зерттеу қоғамының төрағасы, Ескішехир губерниясының әкімі Гүнгөр Әзім Тунамен қызметтік кездесулер өткізіп, Ыстамбұл, Айдын, Анадоли, Османғазы, Фатих Сұлтан Мехмет, Бируни секілді алты бірдей университеттің ректорларымен екіжақты ынтымақтастық туралы келісім-шарттарға қол қойды.

Сондай-ақ, түркі дүниесінің ұлы ғұлама философы Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын әлемдік кеңістікке кеңінен насихаттау, таныту мақсатында Түркиядағы Өркениеттер Альянсы ғылыми-зерттеу институты жанынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби халықаралық орталығын ашу келісілді.

Баспасөз қызметі

ҚазҰУ-да Адольф Арцишевскийдің «Бигельды Габдуллин: Право на исповедь» атты екінші кітабының тұсаукесер рәсімі өтті

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағында орналасқан «Тау-Тұран» білім беру-сауықтыру кешенінде Бүкіләлемдік радио күніне арналған «Симбиоз шешім: интернет және сандық сауаттылық» атты III халықаралық журналистика және коммуникация Қысқы мектебі өтті.

Шараны Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «Медиасфера» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырды. Сондай-ақ, «Қазмедиаорталығы» басқарушы компаниясы, «Қазконтент» акционерлік қоғамы, «Бас редакторлар клубы», ҚазҰУ телерадиокешені, «Қазақ университеті» баспа үйі, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы қолдау көрсетті.

Қысқы Медиа мектепке Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан жоғары оқу орындарынан студенттер, магистранттар, PhD докторанттар мен медиа саласының мамандары, «Дарын» республикалық гуманитарлық мектебінің оқушылары қатысты. Сонымен қатар Астана, Өскемен, Петропавл, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Орал т.б. аймақтардан барлығы 150-ден аса БАҚ өкілдері мен контент менеджерлер, веб-редакторлар және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының мамандары қатысты.

– Чолпон Советалы кызы, осы радионың жетекшісі – Жылдыз Ажибраимова, «Мінбер» журналистерді қолдау орталығы» ҚҚ президенті, С. Демирел атындағы университеттің журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты – Есенгүл Кәпқызы, «Қазақ радиосының» жүргізушісі, саяси шолушы – Мұхамедәлі Бұхарбаев, қазақстандық блогерлер – Өркен Кенжебек, Яков Федоров, Аршат Ораз, Садық Шерімбек, т.б. білікті мамандар дәріс оқып, шеберлік сағаттарын өткізді.

Үш күн бойы жастар танымал журналистер мен IT мамандарынан білім алып қана қоймай, шығармашылық бірлестікте тың идеяларды жүзеге асыратын жобаларды ұсынды.

«Серпін» білім беру ұйымдарының Ұлттық қауымдастығының төрағасы Мұрат Әбенев өз сөзінде: «Жалынды жастардың жігерлерін шыңдайтын Қысқы Медиа мектеп жобасы – өте қажетті, тиімді жоба.



САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

тәжірибе бөлісу, жаңа трендтермен танысу жастардың көңілінен шықты. Шара барысы туралы студенттердің пікірлері де жақсы. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2-курс студенті Әсел Бегімбетова: «Бұл, меніңше, студенттерге берілген керемет мүмкіндік. Студент бойында жаңа, тың идеялар мен көзқарас қалыптастыру және де дамыған технологиялар арқылы ақпарат таратудың жаңаша бағыттарын үйретіп қана қоймай, журналистикада өз бағытын табуға септігін тигізеді», – деп өз ойын ашық айтты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс студенті Дана Маратова: «Маған дәрістердің ішінде Шымкент қаласы кімінің кеңесшісі, баспасөз қызметінің жетекшісі, журналист Жәнісбек Нұрлыбек ағамыздың журналист этикасы мен мемлекеттік қызметтегі PR туралы айтқандары ерекше ұнады. Сонымен қатар блогер Федоров Яков жаңа технологияны меңгеру жолдары мен ақпаратты дұрыс, сауатты жариялаудың бірнеше түрін көрсетті. Болашақта өзімнің жазбаларымда пайдаланатын боламын», –

деп ризашылығын білдірді. Таудың таза ауасында демала жүріп білім алған қатысушыларға біліктілікті арттырғаны туралы куәліктер берілді. Белсенді қатысқан студенттерге естелік сыйлықтар үлестірілді.

Қорыта айтқанда, сандық медианың басты ұмтылыстары мен ұтылыстарына жаңа көзқарастар айтылып, зерттеу нәтижелерін таныстырған медиа жиынның маңызы зор болды. Сандық медиа пайдасы мен кемшілігінің арасалмағына қарамастан, адамзаттың ажырамас құндылығына айналғаны рас. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов ХХ ғасырда: «Қай елдің баспасөз күшті болса, сол елдің өзі де күшті», – деп айтқан болса, бүгінде ХХІ ғасырда бұл аталы сөздің де формасы өзгергендей. Яғни, қай елдің сандық ақпарат кеңістігі, ғаламторы күшті болса, сол ел ғана өзінің «ақпараттық иммунитетін» қалыптастырады. Ақпараттық экспанциядан қорғанып, басқаны мойындатады, әлемге танытады.

Әйгерім ӘЛІМЖАН,
аға оқытушы



Қысқы Медиа мектепке БҰҰ-ның өкілі Властимил Самек пен ЮНЕСКО кластерлік бюросы коммуникация және ақпарат мәселелері жөніндегі маман Сергей Карпов келіп, қатысушыларға өздерінің шынайы алғыстарын білдірді. Сонымен қатар «Инвесторлар Альянсы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті – Азаматхан Әміртаев, «Серпін» білім беру ұйымдарының Ұлттық қауымдастығының төрағасы – Мұрат Әбенев, журналист, публицист, қоғам қайраткері – Әміржан Қосанов, радиожурналист, продюсер, тележүргізуші, «Автордио Қазақстан» дикторы – Кенже Жұманұлы, журналист, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің доценті – Қанат Әуесбай, журналист, PR-маманы, «Радиоточка» ақпараттық агенттігінің Бас редакторы – Бекжан Идрисов, Қырғызстанның «Радиомост» қоғамдық радиосының дикторы, дыбыс режиссері

Жастардың білімін жетілдіріп, ой-өрісін кеңейтіп дамытары сөзсіз. «Серпін» білім беру грантымен оқитын жеті студентті осы шараға қатыстырып отырмыз. Өйткені жаңа медианы меңгеріп, ақпаратты дұрыс жеткізу, заң талаптарын, құқықтық нормаларын білу әрбір жазатын адамға қажет», – деді.

Журналист Қанат Әуесбай: «Басқа елдерден медиа тренерлер шақырып, олардың аузына қарайтын кезден өттік. Өзімізде мықты мамандар мен жастарға үлгі-өнеге боларлық азаматтар баршылық. Осындай Медиа мектеп жұмысы талай жас журналистердің қанаттарын қатайтып, қаламдарын ұштап, бүгінгі заманға сай мобильді, конвергентті журналист болуға ұмтылдырады. Сондықтан ұйымдастырушыларға, әсіресе осы жобаның авторы, профессор Гүлмира Серікбайқызына алғысым шексіз», – деді.

Шынында, масс-медиа саласындағы кәсіби мамандардың дәрістерін тыңдау мүмкіндіктері, еркін пікір алмасу,



Қазақ ұлттық университетінде белгілі қоғам қайраткері, жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаевтың өмірінен сыр шертетін «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Салтанатты жиынға Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Жанарбек Әшімжан, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бижамал Рамазанова мен Шәмша Беркімбаева, республикалық басылымдардың басшылары, Кәкімжан Қазыбаевтың өмірі мен шығармашылығы, қызметі жайында қалам тербеген белгілі журналистер мен қаламгерлер және Қазыбаевтар әулеті қатысты.

Халқына қызмет еткен перзент



ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов тағылымды жиынның шымылдығын түре отырып: «Жаксы кітап – жарты қазына. Олай болса, Кәкімжан Қазыбаев сынды тұлғадан қалған асыл мұрадан артық қазына болмас деп

ойлаймын. Бүгін тұсауы кесіліп отырған кітаптан Кәкімжан Қазыбаевтың бұған дейін баспа беттерін көрмеген тың туындыларын да оқи аласыздар. Ал Кәкімжан Қазыбаев жайында жазылған естеліктердің, эсселердің астарында талай

ашылмаған аралдар жатқан сияқты. Кітап сонысымен де құнды әрі қызықты», – деп атап өтті.

Қоғам қайраткері Шәмша Беркімбаева: «Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет етуге берілген мүмкіндік. Кәкімжан Қазыбаев осы мүмкіндікті барынша пайдаланды. Оның өр тұлғасын, азаматтық позициясын оның қызмет жолынан анық байқауға болады», – деп жазушы-журналистің қоғамдық қызметі хақында ой толғады.

Сондай-ақ қазақ журналистикасының ардагері Софы Сматаев «Өнегелі өмір» сериясының жарыққа шығуына бастама қосқан отырған университет басшылығына алғыс білдірді.

Сөз кезегі Кәкімжан Қазыбаевтың жары, ұлағатты ұстаз Орынша Қарабалинаға келгенде апай өнегелі өмір парақтарына саяхат жасап, тағылымды жанмен қосақталған тағдырының жылы естеліктерімен бөлісті. Сөз соңында көрнекті қоғам қайраткерінің жары барша жиналған қауымға шексіз ризашылығын айтты.

Жиын соңында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов құрметті қоғам қайраткері Бижамал Рамазанова, Орынша Қарабалина, Бекен Рахметов пен Батыр Қазыбаевты «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Ең бастысы бұл жиын келешегін қалам құдіретіне байлаған студенттерге ой саларлық іс-шара болды.

Елдана ТОҚБАЙ

БІРЕГЕЙ ҒАЛЫМ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Кітапта келтірілген Қ.А. Жұбанов туралы деректерге қысқаша тоқталайық.

Қайыр Ахметұлы Жұбанов 1935 жылы 29 шілдеде Ақтөбе облысы, Темір ауданында қазақ музыкасын зерттеуші, академик, әйгілі композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың отбасында дүниеге келген. Қ.А. Жұбанов 1953 жылы И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтына түсіп, 1958 жылы «Мұнай және газды өңдеудің инженер-технологы» мамандығын үздік бітірген.

1976 жылдан 2001 жылға дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ катализ және техникалық химия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1994 жылы кафедрада «мұнай химиясы» мамандығы ашылып, алғашқы түлектер Қ.А. Жұбановтың жетекшілігімен жасалынған «Мұнай химиясы», «Мұнайхимиялық синтез», «Мұнайды өндірістік өңдеу», «Мұнай өңдеудің каталитикалық әдістері» деген арнайы курстар бойынша дәрістер алды.

Қ.А. Жұбанов – катализ және химиялық технология теориялары бойынша маңызды еңбектерімен белгілі, Қазақстанда стационарлы катализаторлар көмегімен бейорганикалық және органикалық заттарды үздіксіз өңдеудің жаңа бағытын ұйымдастырушы, көрнекті ғалым. Академик Қ.А. Жұбановтың жетекшілік етуімен кафедрада жаңа технологиямен дайындалған 12 катализатор ТМД елдерінде өндіріске ендіріліп, халық шаруашылығы

тұтынатын заттарды өндіретін 8 зауыт іске қосылды.

Болжамы мен практикалық нәтижелері қашанда ұштасып жататын теоретик және практик бірегей ғалымның өміріндегі сүбелі еңбектерінің бірі – өзі қызмет ететін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан ғылыми-зерттеу орталығын құруға ұйытқы болуы. 1992 жылы Министрлер Кабинетінің шешімімен Жана химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институты (ЖҒТЖМ ҒЗИ) ашылды.

Қ.А. Жұбанов басқарған 1992-2010 ж.ж. аралығындағы институттың инновациялық жобалар мен бағдарламалары Отанымыздың көмірсутекті шикізатын кешенді өңдеу мәселелеріне бағытталған: «Мұнай қалдықтарын, амбарлы және шикі мұнайды дайындау және өңдеу бойынша мини-зауыттарды құрастырып, өнеркәсіптік деңгейде игеру және жасау»; «Қазақстанның көмірсутекті шикізатын комплексті өңдеудің ғылыми негізін жасау»; «Қоңыр көмірді жаңа екікаскатты каталитикалық сұйылту процесін жасау және енгізу» және т.б. Қайыр Ахметұлының әріптестерімен (х.ғ.д. Ж.К. Қайырбеков, х.ғ.к. В.С. Емельянова және т.б.) жүргізген ғылыми жұмыстарының нәтижесінде тәулігіне 3 тоннадан 200 тоннаға дейін көмірді сұйылту процесін 50 атм қысым шамасында іске асыратын мини-зауыттың құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Соңғы жылдарда ғалымның жетекшілік



етуімен мұнайды және көмірді терең өңдеуде түзілетін п-, м-кислолдар негізінде жоғары температураға төзімді полимерлер алуға қажетті мономерлер синтездеу технологиясының негізін жасау қолға алынып отыр.

Қайыр Ахметұлы Жұбанов – 500-ге жуық ғылыми мақаланың, 10 монографияның және 20 оқу құралының авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 8 доктор және 40-қа тарта ғылым кандидаттары даярланып, жұмыс нәтижелері бойынша 83 авторлық куәлік пен патент алынды. Қайыр Ахметұлының шетелдерде танымал ғалым екендігін 8 ФРГ, АҚШ, Англия, Франция патенттері көрсетеді.

Қайыр Ахметұлы Жұбанов ауқымды қоғамдық жұмыстар жүргізді. Көп жылдар бойы ҚР ҰҒА химия-технологиялық ғылымдар бөлімінде академик-секретары, ТМД елдерінің катализ бойынша Халықаралық Кеңестің, ҚР ҰҒА катализ жөніндегі Кеңесінің, Д.В. Сокольский атындағы Органикалық

катализ және электрохимия институтында және ҚазҰУ-да докторлық және кандидаттық диссертация қорғау бойынша мамандандырылған Кеңестің мүшесі болды. ҚР Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының, ҚР түрлі министрліктердің химия және мұнайхимияны жетілдіру жөніндегі мәселелер бойынша жұмыс топтарының құрамына тұрақты түрде кіреді.

«Қазақстан Республикасының» және «КССР» жаңалық табушысы Қ.А. Жұбановқа 2009 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалі, 2014 жылы Қазақстан Республикасы индустрия және жана технологиялар министрлігінің «Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері» төсбелгісі (№2 куәлігі) берілсе, осы салтанатты отырыста ғалым «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» медалімен марапатталды. Ғылымға шын берілген азамат бүгінгі күнге дейін химия ғылымының дамуына атсалысуда. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе.

Кітапта көрсетілген Қайыр ағаның өнегелі өмірі – адамдармен қарым-қатынастағы кішіпейілділігі мен байсалдылығы, әрқашанда көпшілік пікірімен санасуы және әріптестерімен достық қарым-қатынасты жоғалтпауы, өз ісіне шын берілгендігі мен адалдығы көпке үлгі, жастарға тәрбие.

Т. ӘБІЛДИН,

физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының профессоры;

Ж. ТАШМҰХАМБЕТОВА

физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті;

Г. ВАСИЛИНА,

физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ-да «Атамекен» патриоттар ұйымының бастамасымен айтыскер ақын Балғынбек Имашев және жас ақын Сырым Әуезханмен кездесу өтті

3 января исполнилось 75 лет со дня рождения известного отечественного ученого-востоковеда и философа К. Х. Таджиковой. Ее по праву можно назвать уникальным феноменом современной казахстанской науки.

Талантливый ученый



Фараби с арабского языка на русский и сверять их с изданиями сочинений Аль-Фараби на других языках мира. Им удалось осуществить профессиональные переводы философских, социально-этических, логических, математических, астро-номических и естественнонаучных трактатов средневекового мыслителя.

В связи с известными политическими событиями 1990-х гг. работа по изучению наследия Абу Насра аль-Фараби на некоторое время приостановилась, в особенности это касается переводов его сочинений и исследования его творчества. Для этого необходимо было создать новую источниковедческую базу, которая открыла бы перед исследователями большие возможности для изучения научного творчества Аль-Фараби, а в некоторой степени, и его реконструкции в свете появления новых, ранее неизвестных материалов и отдельных положений философской системы мыслителя. За такую работу взялась К. Таджикова. По настоятельной просьбе своего научного руководителя А. Х. Касымжанова, спустя 13 лет после публикации своих последних переводов отдельных глав «Большой книги о музыке» (1992 г.), Клара Хажимовна выпустила в свет перевод важнейшего для изучения метафизики Аль-Фараби – сочинения «Книга букв» (2005 г.). О качестве перевода впоследствии специалисты скажут, что он «блестящий». Подтверждая это, сошлемся на известного фарабиеведа, члена-корреспондента НАН РК Н. Л. Сейтахметову, которая пишет, что «впервые трактат Абу Насра аль-Фараби «Книга букв» на русском языке был издан в блестящем переводе известного востоковеда К. Х. Таджиковой» (Наследие Аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. Алматы, 2012, с. 257). И в самом деле, стиль переводов Клары Хажимовны отличает

ясность, четкость и логичность.

Как известно, деятельность переводчика всегда сопряжена с трудностями понимания текста, его стилистики и особенностей каллиграфии. А если это касается перевода философского текста, то трудность его осуществления увеличивается в несколько раз. Не зря специалисты, работающие в области перевода и переводоведения, утверждают, что самым трудным для письменного перевода является именно философский текст. Клара Хажимовна в полной мере осознавала, насколько сложным, многогранным и проблемным является творческое наследие Абу Насра аль-Фараби. Именно поэтому и подходы к его изучению она основательно продумывала и выверяла. За долгие годы переводческой деятельности она изучила роль античных источников Платона, Аристотеля, неоплатонизма, стоицизма и скептицизма в формировании мировоззрения Аль-Фараби. Глубокий анализ текстов великого мыслителя позволил ей выявить, что основы его философии вобрали в себя не только древнегреческое наследие, но и другие течения, существовавшие в период средневековья на территории арабского халифата.

В общей сложности Клара Хажимовна перевела с арабского языка 13 трактатов Абу Насра аль-Фараби. В 1985 году в сборник историко-философских трактатов Аль-Фараби вошли «Философия Платона и ее части. Расположение этих частей от начала до конца», «Сущность «Законов» Платона», «Философия Аристотеля», «О целях Аристотеля в «Метафизике» в переводе К. Таджиковой. В 1987 году в сборнике естественнонаучных трактатов Аль-Фараби вышел в свет перевод «Ответов на вопросы философов». В 1992 – в сборнике трактатов о музыке и поэзии Аль-Фараби опубликованы

переводы извлечений из «Большой книги о музыке». В журнале «Аль-Фараби» в 2006 году опубликован перевод «Теологии», в 2007 – «Книги по аналитике», в 2009 – «Книги о малом силлогизме», в 2012 и 2014 – трактат «О доказательстве». В 2012 году в коллективной монографии «Наследие Аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения» опубликован перевод «Книги «Бариарманийас» или «Об истолковании». Перевод «Книги букв» был издан в 2005, а затем в 2014 году.

Выход в свет каждого трактата, переведенного Klarой Хажимовной, был, несомненно, событием особой значимости в казахстанской философской науке. Имеющаяся в нашей стране источниковедческая база позволила казахстанским фарабиеведам исследовать многогранное философское и научное наследие Абу Насра аль-Фараби.

Результаты многолетней научной деятельности К. Таджиковой предстали не только в виде изданных на казахском и русском языках произведений Аль-Фараби, но и в виде фундаментальных научных статей в сборниках между-народных и республиканских конференций. Их несколько десятков. В них представлены различные грани его энциклопедического творчества – философия языка и язык философии Аль-Фараби, проблема соотношения логики и грамматики, учение об отношении философии к религии, учение о вере и знании и т.д.

Наряду с научной деятельностью, Клара Хажимовна занимается и педагогической деятельностью. Более двадцати лет она трудится на кафедре Ближнего и Среднего Востока факультета востоковедения КазНУ, преподает курсы: «Творческое наследие Аль-Фараби», «Исламский фактор в международной политике», «Теория и практика перевода арабского философского текста» и другие.

Многолетняя научная и педагогическая деятельность К. Таджиковой не осталась без внимания. В 2009 году она награждена знаком «Почетный работник образования РК», в 2010 году ей присвоено звание «Лучший преподаватель факультета», в 2014 году за вклад в развитие университета ей вручена юбилейная медаль «80 лет КазНУ» и серебряная медаль «ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін».

Неутомимый труженик науки – Клара Хажимовна – полна новых творческих замыслов и идей. В ее ближайших планах – составление арабско-русско-казахского словаря философских терминов, а в перспективе – взрастить новое поколение фарабиеведов, в совершенстве владеющих арабским языком и способных продолжить дело, которому она посвятила всю свою жизнь. Эту ее идею поддерживает и ректор университета Галым Мутанов.

Талантливый учёный, востоковед, философ и просто прекрасная женщина и мать, Клара Хажимовна Таджикова является уникальной личностью. Сегодня мы с полным правом можем высоко оценить труд Клары Хажимовны, внесшей большой вклад в становление и развитие фарабиеведения – одного из ведущих направлений отечественной науки.

А. СЫРГАКБАЕВА

В рамках проекта «Айналанды нұрландыр» научно-творческий клуб «КӨКЖИЕК» провел литературно-музыкальный вечер «Жүрегім менің жанартау», посвященный 85-летию выдающегося поэта Мукагали Макатаева

XX ғасырдағы тарих беттеріне бірнеше соғыстар кірді. Соның бірі 10 жылға созылған Ауған соғысы. Биыл осы ақпан айында бұл соғыстың аяқталғанына 27 жыл толып отыр. Соғыс қалай аяқталды?

Ауған соғысы аяқталған ай



АҚШ, Пәкістан, Иран және өзге де мүдделі елдердің өкілдерімен қарқынды түрде келіссөздер мен кеңестер жүргізілді. Ауғанстанда 1986-1987 ж.ж. орын алған жағдайдың өзі, орталық үкімет пен оппозиция арасындағы күштердің тепе-теңдігі ауған дағдарысын шешудің әскери емес жолдарын іздеу қажеттілігіне итермеледі. Жаңа бағытты жүзеге асыру үшін жаңа адамдар қажет болды.

Билікке М. Наджибулла келген соң 1987 жылы 3 қаңтарда қабылданған Ауғанстан Демократиялық Республикасының Революциялық Кеңесінің «Ұлттық келісім туралы» Декларациясында қарулы қақтығысты тоқтатып, ұлттық бейбітшілік пен татулықты орнату, коалициялық уақытша үкіметті құрып, жалпыға ортақ сайлау жүргізу, оппозиция өкілдеріне министрліктерден біршама орын беру жайлы нақты ұсыныстар жасалды.

Кенес әскерін Ауғанстаннан шығару мәселесі 1988 жылдың 14 сәуірінде өткен Женева келісінде талқыланды.

Бұл келісім БҰҰ араласуымен КСРО және АҚШ-тың жауапкершілігімен жүзеге асатын болып, Ауғанстан мен Пәкістанның сыртқы істер министрлері қол қойды. Женева келісімі бойынша 1988 жылдың 15 мамырынан бастап КСРО 9 ай ішінде Ауғанстаннан өз әскерін әкетуге міндеттеме алды. Оған қоса 3 ай ішінде бүкіл кенес әскерінің тең жарымы әкетілуі тиіс болды. Оның орындалуын бақылау БҰҰ-ның құзырына жүктелді. Женева келісінде белгіленгендей, Ауғанстаннан 1989 жылы 15 ақпанда соңғы кенес әскерлерінің әкетілуі аяқталды. Кенес Одағы Женева келісімін белгіленген мерзімде мүлтіксіз орындады.

Женева келісімдері жасалған кезден бастап 1989 жылы 15 ақпанға дейінгі кезеңде қарулы оппозиция күштерінің қолынан 6954 адам қаза тауып, 12 220 адам жарақат алса, олардың көпшілігі бейбіт халық өкілдері болды. 1989 жылы 15 ақпанға дейінгі бір жарым ай ішінде ғана Кенес Одағының 39 әскери қызметкері қаза тапты.

1989 жыл 15 ақпанда шекарадан соңғы болып өткен кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің қолбасшысы генерал-лейтенант Б.В. Громов КСРО Қарулы Күштері басшылығының өкілі армия генералы Н.И. Поповқа кеңестік әскерлерді Ауғанстаннан әкетудің толық аяқталғанын баяндады. Амудария жағалауында кенес жауынгерлерін мыңдаған адамдар – Термездің (Өзбекстан) тұрғындары, солдаттар мен офицерлердің туған-туыскандары кенес және шетел журналистері қарсы алды. Салтанатты митингі болды.

Ауғанстан территориясынан ең соңғы болып шыққан 40-шы армия қолбасшысы генерал-лейтенант Б.В. Громов: «Біз өз міндетімізді орындап, өз борышымызды өтедік. Бұл – Кенес армиясы солдаттарының, сержанттарының, прапорщиктерінің, офицерлерінің және қызметкерлерінің мүлтіксіз атқарған еңбегінің нәтижесі.

Бүгін Ауғанстан территориясында бірде-бір кенес әскерінің жауынгері қалған жоқ. Біздер үшін Отанына тірі қайтпағандар қайғысының орны ешқашанда толмайды. Біздер соғыста жан тапсырған қарулас жауынгерлерімізді ешқашан ұмытпаймыз», – деді. Қолбасшының бұл сөзі осы соғысқа қатысқан әрбір жауынгердің Отан алдында өз анттын бұзбағандығының кепілі еді.

Ауған соғысында біздің жерлестеріміздің арасынан 22 мың адам болып қайтты. Олардың 1000-ға жуығы осы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді, 18 адам із-түзсіз жоғалды. Ал жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды. Бұл – соғыс барысында болған жағдай. Ал қазіргі күні осы соғысқа қатысқан қаншама қарулас достарымыздан айырылып жатырмыз. Өйткені, Ауған соғысы салған жарақаттың немесе соғыстың зардабынан айықпай, арамды мәнгілікке алыстап кеткен жауынгерлер де аз емес. Олардың аруағына тағзым ету – біздің міндетіміз.

Бұл күн біздің Ауған соғысы ардагерлері жадында ұзақ сақталады. Өйткені, дәл осы күні кенес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстан территориясын тастап шықты. Сөйтіп, бұл күн соғыстың аяқталған күні ретінде тарихқа енді.

Жауынгер-интернационалистер Ауғанстан туралы айтылғандар мен жазылғандарға сын көзбен қарайды. Ақиқат, адал жарияланымдар болса деп ойлайды. Ауған соғысы туралы баспасөздердегі әртүрлі саяси бағалаулар олардың жүрегін тебірендеті.

Кенес әскерлерінің Ауғанстан территориясынан әкетілуі шын мәнінде тарихи оқиға болды. Соғыс ауған халқы мен кенес әскерлеріне көп рухани жарақат әкелді. Кенес әскерлерінің қатысуымен 10 жылға созылған Ауған соғысы осылай аяқталды.

Болат САЙЛАН,

Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Ауған соғысының ардагері

География және табиғатты пайдалану факультетінің тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының ұйымдастыруымен Green Campus жобасы аясында «Қоршаған ортаға қамқорлық – жеке тұлғаның емес, мемлекеттің міндеті» тақырыбында пікірсайыс өтті.



Шара американдық форматта жүргізілді. Пікірсайысқа төрелік еткен сарапшылар студенттердің пікірін жоғары бағалады. Қазылар алқасы мен студенттер тартысты бәсекенің куәгері болды. Табиғаттың қауіпсіздігіне мемлекет жауапты деп санайтын қолдаушы топтың студенттері Ертаева Сезім мен Ихсанова Раминаның пікірінше, мемлекет тарапынан қоршаған орта жағдайына бақылау мен қадағалау жұмыстарын күшейтіп, үнемі баға беріп отырылуы тиіс. Дәлірек айтқанда, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың сақталуы есебінен табиғатқа жағымсыз әсерді азайту шараларын жүргізу қажет. Олар экологиялық заң бұзушылықтарға салынатын айыппұл көлемін ұлғайтып, тұрғындардың экологиялық сауаттылығын ашу маңызды шешім болып табылады десе, қарсы топ егер біз және біздің келешек ұрпақтарымыз ауасы мен суы таза ғаламшарда, әсем табиғаттың сұлулығына тамсана өмір сүргенін қаласақ, онда

Жер — біздің ортақ үйіміз

әрқайсымыз қоршаған ортаны сақтау ісіне қолымыздан келгенше үлес қосуымыз керек деген пікірді алға тартты. Алдымен біз таза ауа, тұщы судың ластанбауына және айналамыздағы жануарлар мен өсімдіктерге жанашырлық таныта отырып, күнделікті өмір сүру салтымызды қай бағытқа өзгертуіміз қажеттігін білгеніміз жөн. Егер қоршаған ортаға қауіп төнсе, біз әрдайым оны қорғауға асыққанымыз

жөн. Бұл біздің ғаламшарымыз бен ондағы өмір сүретін адамдарды сақтауға ауадай қажет. Сондықтан «Саусак бірікпей, ине ілікпейді» демекші, бүкіл әлем халқының ортақ үйі – Жер планетасын адамзат баласы біріге отырып қорғауы тиіс. Экологиялық апатқа қарсы тұрып, жер анамызды сақтап қалу бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселе деп баяндама жасаған 2-курс студенттері – Мулюкова Мадина мен Көшкінбаева

Ақбота осы арада табиғатқа қамқорлық жасаудың қарапайым жолдарын мысалға келтірді. Егер әр адам күнделікті өмірінде мейлі үйде, мейлі көшеде, жұмыста болсын осы қағидағандарды ұстанса, оған табиғаттың қандай алғыспен жауап беретіндігіне өзі көз жеткізеді. Біріншіден, күнделікті қызметімізде және тұрмыста қолданылатын бұйымдардың анағұрлым тиімді, үнемді, қауіпсіз түрлерін пайдалануға көшуіміз қажет, атап айтсақ, қарапайым электр шамдарын – энергоүнемдеуіш шамдарға, полиэтилен және пластик ыдыстарды – шыны, керамика, қағаз, мата секілді табиғи материалдардан жасалған ыдыстарға алмастырудан бастап, жеңіл автомобильдерді аз пайдаланып, көбінесе велосипед пен қоғамдық көліктерді қолдану, суды, электр энергиясын, жылуды ысырапсыз, үнеммен тұтына отырып, қалдықтар мен қоқыстарды ретпен, орынды жинауымыз қажет. Осының нәтижесінде өзімізге де, мемлекетке де қолайлы жағдай орнатамыз.

Қарсы топтың келтірген аргументтері жүйелі әрі көңілге қонымды болды. Шараның студенттердің өз ойын анық жеткізіп, сөйлеу шеберліктерін шыңдауға ықпал еткені анық.

З.С. БІРІМЖАНОВА,
тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының доценті;
А.Н. ЕРДЕСБАЙ,
оқытушы

Философия және саясаттану факультетінде «Хантәңірінің мұзбалағы» атты әдеби кеш өтті

Бүгінде әлем бойынша білім қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі факторы ретінде қарастырылады. Қазақстанда да Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЕЭЫДҰ) елдерінің стандарттары негізінде білім беру жүйесін жаңғырту арқылы адами капиталдың сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар белсенді жүргізілуде. Жыл сайын Қазақстанға оқуға, ғылыми тағылымдама мен озық үлгідегі дәрістерді тыңдауға келетін шетелдік студенттер мен профессорлар саны артып келеді. Осылайша, американдық студенттер биыл екінші жыл қатарынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдап, осында білім алғанды құп көрді.

АМЕРИКАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР

ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІН ТАҢДАЙДЫ



Орыс тілінен емтихан тапсырып байқауда іріктеуден өткен АҚШ-тың 26 үздік студенті Қазақстанда білім алуға жолдама алды. 2014 жылы тамызда қол қойылған ҚазҰУ мен Халықаралық білім бойынша Американдық кеңес (ACCELS, АҚШ) арасындағы ынтымақтастық туралы екі жақты келісім америкалық жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді. «Флагман» – АҚШ-тың мемлекеттік білім беру жобасы бойынша шетелдік студенттердің орыс тілін меңгеру дәрежесін (C1) сертификаттау деңгейінде болуы тиіс. Бағдарлама орыс мәдениетаралық диалог бойынша оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Студенттер тілді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде оқиды.

«Флагман» бағдарламасы бойынша оқу жақсы нәтиже көрсетті: өткен оқу жылында 23 студенттің екеуі мемлекеттік жоғары IV деңгейдегі сертификат алса, 19 адам III деңгейдегі сертификаттарға ие болды. Сертификат нейробиолог, қаржыгер, экономист, психолог, саясаттанушы, архитектор, әлеуметтанушы, лингвист, биоинженер, физик, дипломат және аудармашыларға жұмысқа тұрарда айтарлықтай артықшылық береді.

«Университетке деген қызығушылығымыз жыл сайын артып келеді. Біздің елімізде ҚазҰУ мықты оқытушы-профессорлық құрамымен және дәстүрімен танымал беделді оқу және зерттеу орталығы ретінде белгілі және жоғары бағаланады. Қазақстан достыққа ашық ел және біз оны өте жоғары бағалаймыз», – деді Лос-Анджелестегі Калифорния университетінің студенті Кларисса Родригез.

Оның пікірін Американың білім және ғылыми зерттеулер орталығының «Language Flagship» сыртқы ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Висконсин университетінен, Портленд және Брин-Мор колледжінен ҚазҰУ-ға екінші жыл қатарынан келіп отырған студенттер де қолдап отыр.

Шетелдік студенттердің мәдени өмірінің бағдарламасы қанық әрі қызықты. Олар Қазақстанның тарихи

және мәдени орындарына, театрлар мен мұражайларға, көрмелерге жиі барып тұрады. Атап айтқанда, студенттер АЛЖИР-ге, Түркістан мен Тамғалыға саяхаттап қайтты.

Студент Хьюэл әлеуметтік лингвистика пәнінен алған әсерлері жайлы былай дейді: «Қазақ халқының өмір сүру үрдісі маған өте қызық. Мұнда мен өз білімімді қазақ мәдениетімен қатар, орыс мәдениетімен де толықтырдым. Маған Қазақстандағы білім беру жүйесінің артықшылықтары туралы ақпар берген арнайы курс қатты ұнады. Университет бізге толық ақпарат ұсынып отыр, бұл мені әрі қарай дамуға ынталандырады».

Жоғары сертификат иегерлерінің бірі Кейглер Манн: «Мен Қазақстанда білім алып жатқанымға өте қуаныштымын. Орыс тілін меңгеру барысындағы осында алған тәжірибем мен үшін ең өнімді болды». Оның ойымен курстастары да келіседі. «Мен Қазақстанда орыс тілін өте жақсы деңгейде меңгердім, Қазақстанға келмесем, мұндай көрсеткішке қол жеткізбес едім. Университет шын мәнінде жақсы білім береді. Университетті таңдау барысында мен рейтингтік агенттіктердің нәтижесіне жүгіндім. ҚазҰУ – ғылыми-технологиялық және инновациялық әлеуеті жағынан жоғары оқу орындары арасында көшбасшы. Маған біздің кампус ұнайды», – деді Даниэль Хигучи.

Шетелдіктердің Еуропа университеттеріне қарағанда Қазақстан университетін таңдауы – еліміздің және ұлттық жоғары білім беру жүйесінің танымалдылығының көрсеткіші. Осы орайда ел Президенті, Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша әзірленген Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың ықпал ететіні де анық.

Қазақстан жоғары оқу орындарында кәсіби дамудың тұрақты деңгейін көтеру, озық технологияларды енгізу және білім беру бағдарламаларын табысты аккредиттеу, белсенді академиялық ұтқырлық – шетелдіктердің қызығушылығын арттырғандығын атап өткен жөн.

Баспасөз қызметі

Тілек Ырысбек

1995 жылы ақпан айында Қытайда Үйсін тауының Түргенбұлақ деген жерінде дүниеге келген. 2005 жылы отбасымен атамекенге оралған.

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 2-курс студенті.



ЖАНЫМ-АУ, ҚАРАДЫҢ

Мөлдіреп жанарың,
Жарасып жамалың
Ғашық боп барамын,
От болып жанамын.

Тұрғандай құлпырып,
Даламның қыр гүлі.
Тамшыдай тұп-тұнық,
Күлкінің сыңғыры.

Ажарың әдемі,
Ай мен күн, Шолпандай.
Сұлулық әлемі саған кеп қонғандай!

Нәп-нәзік тал бойың,
Арайлы ақ тандай.
Сыңғыры сырғанның тіл қатып тұрғандай!

ОРАЛДЫ КӨКТЕМ

Оралды көктем, шуағын төккен,
Оралды құстар, ән салып көктен.
Жайқалды далам, жайқалды гүлдер,
Шаттанып бәрі бұл күнге жеткен.

Ақ мамық бұлттар барады көшіп,
Ән салып далам самал боп есіп.
Көгімде тұрған күн көзі күліп,
Арайын шашқан, бұлттарды кешіп.

Сыңғырлап бұлақ жағадан құлап,
Бәйшешек гүлдеп, жайқалды құрақ.
Көктемде келді осылай, жаным,
Тосып мен тұрмын сен жоқсың бірақ.

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Мен сақтардың саркыты,
Үйсіндердің рухымын.
Найман баба нарқымын,
Ал ғұндардың ғұрпымын.
Дін ислам дінгегім,
Мұхаммедтің үмбеті,
Кенпейіл қазақ ұлтымын.

Жайнаған жасыл далам бар,
Бой тартқан көркем қалам бар.
Ел қамын терең ойлаған
Парасатты данам бар.
Көк туым көкте желбіреп,
Ел таңба мен елдігім.
Бар әлеммен теңдескен,
Тәуелсіздік теңдігім.

Қыранмын көкте самғаған,
Тұлпармын ерін таңдаған.
Жалынымын батырдың,
Жалындап шала жанбаған.
Ақынымын адуын,
Жүйелі сөзге жол беріп,
Айтыста жырға қанбаған.
Тарихымын таңбалы,
Талай ғасыр жалғаған.

Мен қазақтың, қазақпын!
Мәңгілік қазақ елім бар.
Достыққа құшақ жаятын,
Дұшпанға қайтар кегім бар.
Жанымды берсе беретін,
Арымды бірақ бермейтін,
Қазақ боп өскен тегім бар.

МЕН СЕНІ САҒЫНАМЫН

Мен сені сағынамын сағат сайын,
Сен үшін пәк сезімнен адаспайын.
Қалғансың терең бойлап жүрегімде,
Қауырсыны жетілген қанаттайын.

Жанасың жұлдыз болып жанарымда,
Жарасқан әсем сырлы жамалыңда.
Елестеп көз алдымда сен тұрасың,
Шолпандай жаңа туған таң алдында.

Сыңғырлап таудан аққан бұлақтайын,
Жаным-ау, жанарыңды жылатпаймын.
Арманым, асыл жаным сен ғанасың,
Тек сенің жүрегіңе тұрақтайын.

...Мен сені сағынамын, сағынамын,
Болмасаң сен жанымда жабығамын.
Жаным-ау, сені сүю маған қымбат,
Арына махаббаттың табынамын.



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

ҚАЗҰУ, АЛФА!

«Спорттық жарысқа қатысушыларға жалынды сәлем!»  «Приветствуем участников спортивных соревнований»



Ағымдағы жылдың ақпан айында Алматы қаласында VI Ұлттық Қысқы универсиада өтуде. Студенттер арасында өтіп жатқан Қысқы универсиадада спорттың он түрінен жарыс өтеді. Аталмыш республикалық додада еліміздегі 34-ке жуық жоғары оқу орнының студенттері бақ сынауда. 12 күнге жоспарланған Универсиаданың төртінші күнінде өткізілген президенттік қысқы көпсайыс нәтижелерін қорытындылап, жеңімпаздарды марапаттау мақсатында спортшылар 9 ақпан күні ҚазҰУ-дың спорт кешенінде бас қосты.

Марапаттау рәсімінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов сөз сөйледі: «Құрметті студенттер, қадірлі жеңімпаздар мен қонақтар, университетімізге қош келдіңіздер! Баршаңыз білесіздер, осы ақпан айында қаламызда алтыншы Қысқы Универсиада ойындары өтіп жатыр. Осындай үлкен бәсекеде жастарымыздың жеңіске жетуі – біз үшін үлкен мәртебе. Спортшыларымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймын. Құттықтай отырып, өзге студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын», – деді. Сонан соң сөз кезегі Алматы Қысқы Универсиада ойындарының бас

демеушісі, пед.ғ.д., профессор, Қазак КСР және ҚР еңбек сіңірген бапкері Қошаев Меркіжан Нағашыбекұлына берілді. М. Нағашыбекұлы: «Құрметті студенттер, спортшылар, алдымен сіздерге үлкен алғыс білдіремін. Қысқы спорт сынында жеңіске жеткен барша студенттерді жеңістерімен құттықтаймын. 2017 жылы өтетін Бүкіләлемдік Универсиадаға жолдама алған жастарымыз тұғырдың бірінші орнынан көріне берсін!» – деп қатысушыларға тілегін білдірді. Бұдан кейін көпшілік алдына ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, дзюдодан 2015 жылғы әлем чемпионы, 2016 жылғы Рио-де-Жанейро қаласында өтетін Олимпиада ойындары



лицензиясының иегері Елдос Сметов пен жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлемдік Универсиаданың 2 дүркін чемпионы Зябкина Виктория жеңімпаз студенттерге арнап құттықтау сөз сөйледі.

Сонан соң VI Қысқы Универсиада барысында өткен президенттік көпсайыс түрлерінен жеңімпаздарды марапаттау сәтіне кезек берілді. Жұлделі орын алған студенттерді ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанұлы мен қазақ КСР және ҚР еңбек сіңірген бапкері К.М. Нағашыбайұлы марапаттады. Жарыс қорытындысы бойынша, президенттік көпсайыстың бір түрі қыздар арасында өткен тау шаңғысы спортынан 1-орынды Виктория Баженова (ПМПИ), 2-орынды Юлия Зеленская (ҚМУ), 3-орынды Виктория Катаева (ҚарМУ), ұлдар арасында 1-орынды Айбек Байдульдинов (ҚМУ), 2-орынды Андрей Соболевский (ҚарМУ) және 3-орынды Рустам Набибуллин (СКУ) иеленді. Содан соң «Президенттік көпсайыс» спортының үш бөлімінен абсолют нәтиже көрсеткен спортшыларымыздың көрсеткіштері мынадай болды: қыздар арасында 1-орынға Марина Вострикова (СКМУ), 2-орынға

Юлия Зеленская (ҚМУ), 3-орынға Людмила Чалышева (ҚарМУ) және ұлдар арасында 1-орынға Рустам Набибуллин (СКМУ), 2-орынға Айбек Байдульдинов (ҚМУ), 3-орынға Дмитрий Саурмилих тұрақтады. Жиын соңында аталмыш сынға қатысқан ЖОО орындар арасында жалпы командалық есеп бойынша бірінші орынды Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жеңіп алды. Ал, екінші орынды Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті студенттері иемденсе, үшінші орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен А. Байтұрсынов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті өзара бөлісті.

Студенттер арасындағы спорттық бәсекелерде абсолютті чемпион атанған ҚазҰУ спортшыларының қоржынында бүгінде 5 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль бар. Республикалық спорттық дода әлі де жалғасуда. ҚазҰУ-дың намысын қорғаушы студенттерден толағай табыстар күтеміз. Жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтай отырып, сәттілік тілейміз.

Қаламқас АМАНҚОСОВА



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
 Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
 Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
 Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
 Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
 Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
 Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
 Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №89

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.